



Қ.Б. Күдерінова*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты**Алматы, Қазақстан* <https://orcid.org/0000-0001-5946-9397>*email: kuderinova_70@mail.ru***Е. Маралбек***А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты**Алматы, Қазақстан* <https://orcid.org/0000-0001-5954-8669>*email: elahau@mail.ru***ҚАЗІРГІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ СӨЗСАПТАМЫ:
САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптаманың ерекшеліктері, олардың фонетикасы, орфоэпиясы, морфология, синтаксисіндегі өзгерісі қарастырылады. Қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамасы қандай болды, ол несімен ерекшеленді деген сұрақтарға нақты жауап алу үшін бірыңғай қазақұлты қоныстанған Ақтөбе облысының Шалқар ауданы, Қызылорда облысының Арал ауданы, Шығыс Қазақстан облысының Зайсан аудандарына іссапар ұйымдастырылып, жасы үлкен, ел ішіндегі ауызша әңгімелерді жете білетін, қазақтың ескі сөзсаптау жүйесі бойынша сөйлеп дағдыланған қазақтардың машықсыз сөйлеген сөздері жазып алынып, 2000 жылдан бері туған қазақ жастарының және 70 жылдардан бері туған қазақ азаматтарының сөйлеу ерекшеліктерімен салыстыра отырып талданды. Нәтижесінде 70 жылдардан бермен қарай туған қазақтілділердің ауызша тілінде көбіне жазба тіл нормасы сақталғандығы, сөзді қалай жазылса, солай айтатындығы, 2000 жылдан бермен қарай туған ұрпақтың сөйлеу тілінде тіпті қазақ тілінің нормасында жат жана құбылыстар пайда бола бастағандығы байқалды. Сондай-ақ жастар тілі мүлде қасаң тартып, қысқа қайырылатын сөздер мен тіркестерге ауысып, қысқа да нұсқа сөйлейтін ұрпақ тілінде мәнерлілік, әсерлілік, көркемдік азайып келе жатқаны байқалды және мұндай тілдік құбылыстар жіті қарастырылып, тілдік фактілер ақылы жан-жақты талданды.

Түйінді сөздер: қазақ тілі, ұлттық әдеби тіл нормалары, сөзсаптам, морфология, синтаксис, дәстүрлі сөз.

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Түскен мерзімі: 20.10.2024

Баспаға қабылданған мерзімі: 23.12.2024

Кіріспе

Тіл – қоғамдық, биологиялық құбылыс болғандықтан ұлтпен бірге өмір сүреді, ұлтпен бірге дамиды, жетіледі, өзгереді тіпті ұлтпен бірге құриды, өмір сүруін тоқтатады. Өзгермейтін, жетілмейтін, дамымайтын тілдер болмайды, болса, некен-саяқ. Алдыңғы буын өкілдерінің кейінгі, жас буынның өмір сүру дағдысына көңілі толмайтыны сияқты, түсінбейтіні сияқты алдыңғы буын өкілдерінің тілін түсінбей, сөздерін қатеге санап отыру барлық елдердің тіл иелмендеріне тән.

Тілдің әр жүз жыл сайын, 50 жыл сайын өзгеруі эволюция заңдылығы. Кез келген тілдің алдымен фонетикалық деңгейі, содан кейін лексика-фразеологиялық құрамы өзгереді. Ал грамматикасы, морфо-синтаксистік деңгейі баяу, өзгеріске бір-бірте ұшырайды.

Қазақ тілі – түркі тілдерінің қыпшақ тобы, қыпшақ-ноғай бірлестігіне жататын тіл – 20 ғасыр басынан бері небір өзгерістерді басынан кешірген тіл болып отыр. Оған, біріншіден, фонетикасына жазба тілдің пайда болып, оны жетілдіру барысында 3 түрлі әліпби ауыстыруы себеп болса, екіншіден, лексикасына 3 түрлі қоғамдық формациялардан өтуі себеп болып отыр.

Әуелі араб, кейін жетілген араб жазуы – жәдид жазуымен жазып, кейін өзінің ұлттық жазуы, «төте жазу» деп аталатын реформаланған араб жазуымен жаппай сауат ашуы, 1929 жылы латын әліпбиіне, 1940 жылы кирил әліпбиіне көшуі қазақ тілінің артикуляциясы мен акустикасын біржола өзгерте бастады. 20 ғасыр басындағы ұлттық, «алаштық» кезең деп аталатын кезең, ССРО құрамында болған кеңестік кезеңіндегі тілдің логосы мен этосы қазақ тілінің лексика-фразеологиялық құрамына көп жаңалықтар әкелді. Орыс тілінің басқыншы тіл, ел ішінде доминант тіл болуы, барлық құжаттардың, ресми, ақпараттық мәтіндер алдымен орыс тілінде дайындалып, содан кейін қазақ тіліне аударылатыны қазақ тілінің синтаксистік деңгейіне де көп жаңалықтар енгізді. Қазақ тілінде болмаған жаңа сөйлем конструкциялары, жаңа сөз тіркестері, жаңа күрделі сөздер пайда болды. Бұл тенденция қазақ тілінің дамуына 80 жылдарға дейін оң ықпал етті де. Қазақ жазба тілі, іскери-ресми стиль, ғылыми стиль, публицистикалық стиль дамыды, жаңа деңгейге көтерілді. Алайда бара-бара бұл үдеріс күшейіп, кері процесс жүрді: енді қазақ тілінің бүкіл сөзсаптамасы өзгеріп, қазақ тілі өзінің ұлттық негізінен алшақтап, дәстүрлі сөйлеу машығынан айырыла бастады.

Қазақ тіліндегі білім, ғылым, БАҚ мәтіндері орыс тілінің грамматикалық жүйесі мен сөйлеу стилі араласқан, сана тұшынып қабылдай алмайтын аударма тілмен жазылып жатыр. Қазақ тілінің лексикалық бірліктері орыс не ағылшын ойлауымен құрылған сөйлемдерге салынып, қазақ тілі «қиын тілдер» қатарына қосылып барады. Оның себебі қазақ тілі өзінің ұлттық, дәстүрлі сөзінің құрылымы мен стилінен ауытқып қана қоймай, оның үстіне жазба тілдің, сондай-ақ функционалды стильдердің тезіне салған мәтіндерді «жамап», қабылдау мен түсінуді ауырлатудан.

Сол себепті біз бұл мақаламызда қазіргі қазақ тілінің сөйлеу жүйесін дәстүрлі қазақ сөйлеу жүйесімен салыстыруды мақсат еттік. Салыстыра талдай отырып, қазақ тілінің дәстүрлі сөйлеуіндегі артықшылықтарды көрсетуге тырысамыз.

2020–2022 жылдары мемлекеттік грант аясында зерттеген жобасымызда қазақ тіл білімінде алғаш рет сөзсаптам терминдік атауын қолдандық. Мұндағы «саптау» деген сөз қазіргі қазақ тілінде қолданылмайды. Ол Орхон ескерткіштерінде, яғни көне түркі тілінде «сөз» мағынасында қолданылған. «Күлтегін ханның басына қойылған таста «Сабымен түкәті әсідгіл» (сөзімді түгел есіткіл) деген жазу бар.

Мұндағы саб қазіргі сөз лексикасымен бара-бар. Көне түркі тілінде шешен деген сөзді сабчу, савчу, сапчу деп атаған» дейді профессор Ә. Құрысжанұлы (Құрысжанұлы, 1998). Сонда сөз саптау көне түркі тілінде «сөзді сөйлеу» деген мағынада қолданылған.

Сөзсаптам терминінде жоғары академиялық грамматика, стиль, логикалық қисындылық деген 3 өлшем ұштасқан. Яғни сөзді дұрыс сөйлеу, шешен сөйлеу, нормаға сай сөйлеу деген мағыналар бар.

Сөзсаптамның негізгі бірліктері – мәтін және абзац. Абзацтардың, абзацтағы сөйлемдердің, сөйлемдегі сөйлем мүшелерінің өзара ырғақпен айтылуы, ойдың ырғақпен сыртқа шығуы, лексикалық бірліктер мен грамматикалық формалардың үйлесімі сөзсаптамның сапасын анықтайтын параметрлер. Сөзсаптам деп сөйлем не сөз тіркесінің құрылуы емес, тұтас ойдың жарыққа шығуына қызмет еткен тіл бірліктерінің ұйымдасуын айтамыз.

Сонымен, біз қазіргі қазақ сөзсаптамды дегенде жас буын (2000 жылдан бермен қарай туғандар) мен орта буын (1970 жылдан бермен қарай туғандар) өкілдерінің тілін, ал дәстүрлі қазақ сөзсаптамды дегенде алғашқы қазақ ертегілері мен әңгімелерінің, бірыңғай қазақ қоныстанған өңірлердегі жасы үлкен қариялардың және қазақ қандастары мен оралмандарының тілін айтатын боламыз.

Қазақ халқы орыс ұлтымен қоян-қолтық араласып, орыс халқы қазақ өміріне араласпай тұрған заманда қазақ жеріне келген саяхатшылар, ғалымдар ең алдымен қазақ ұлтының сөзсаптамдына таңғалған. Мысалы, В.В. Радлов: «...Қазақтардың тілі әуезді де, әсем, шебер де шешен. Әсіресе, сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы (түсінігі жоғары) мен өткірлігі (әділдік, өжеттілік), тауып сөйлейтін тапқырлығы таңғалдырады» (Радлов, 1992, б. 54) десе, Н.И. Ильминский «... Біздің көзқарасымызша, цивилизациядан мақұрым, татарша мүлдем сауатсыз көшпелі халықтың сөйлеу шеберлігін тамаша меңгергендігін көргенде, мен таңтамаша қалдым» (Ильминский, 1892, б. 61), – деген. «...Қазақтың ойлау қабілетінің кереметтігіне барған сайын көзім жетті. Әр қазақ өз шаруасын жете түсіндіреді» (Янушкевич, 1992, б. 78), – деген А. Янушкевич.

Міне, қазақ тілінің қаймағы бұзылмай тұрған дәуірдегі сөйлеу нормасында таңғалатын қандай ерекшеліктер болды, қазіргі қазақ сөзсаптамды қалай өзгеріп отыр дегенге нақты жауап беру үшін бірыңғай қазақ ұлты өмір сүретін елді мекендердегі жасы үлкен қазақтардың сөйлеуі мен 2000 жылдан бері туған қазақ балаларының, сондай-ақ 70 жылдардан бері туған қазақ азаматтарының сөйлеуі алынды.

Зерттеуіміздің пәні – осы көрсетілген субъектілердің сөзсаптамды болды. Сөзсаптам сөйленген сөздің фонетикасы, орфоэпиясы, морфология, синтаксистік деңгейлерінен тұратындықтан біз аталмыш деңгейлерге жеке-жеке талдау жасадық.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу үшін алдымен сұхбат алу әдісі қолданылды. Бірыңғай қазақ ұлты қоныстанған елді мекендерге, атап айтқанда, Ақтөбе облысы Шалқар ауданы, Қызылорда облысы Арал ауданы, Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданына іссапарлар ұйымдастырылды. Іссапардың негізгі мақсаты – бірыңғай қазақ қоныстанған елді мекендердегі, 70–85 жас аралығындағы, орыс тілінде сөйлей алмайтын қариялармен еркін тақырыпта сұхбат ұйымдастырылып, машықсыз сөйленген сөздерін бейне және аудиотаспаға жазып алу, түсініксіз сөздерінің мағынасын сұрап қағазға түсіру болды. Іссапар 2021 жылдың 14–21 маусымы және

30–9 шілде аралығында ұйымдастырылды. Сұхбат берушілер айтатын әңгімесі бар, өз өмірінің тарихын, елдің, ауылдың тарихын баяндай алатын, толыққанды монологтік сөз құрай алатын, тек қазақ тілінде сөйлейтін болуы шарт болды. Осы өлшемдерге сай келетін тұлғаларды іздеп тауып, алдын ала келісімін алып, дайындауды Ақтөбе, Қызылорда, Шығыс Қазақстан облыстық және аудандық мәдениет бөлімі қызметкерлері мойнына алды. Сұхбат берушілер өз сөздерінің зерттеу нысаны болатынына, әртүрлі құжаттарда көрініс табатынына, бейнелері меен аудиоларының интернет желісінде көрінетініне келісімдерін берді. Барлық интервьюер саны – 20 болды. Келіскен уақытта әр сұхбаттасушымен 30–180 сағат аралығында әңгіме жүргізіліп, сөздері бейне, аудiotаспаға жазылды. Жазылған 18 сағаттық сөз А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Дыбыстық қорында сақтаулы тұр.

Айта кететін жай – ата буынның машықсыз сөйленген сөзін лингвистиканың зерттеу нысаны ретінде таспаға жазу және қазіргі қазақ сөзінің дыбыстық қорын жасау қазақ тіл білімінде алғаш ұйымдастырылып отырған еді.

Сонымен бірге 2000 жылдан бері туған қазақтілді Z ұрпағының тіліне талдау жасау үшін 30 шақты 17–22 жас аралығындағы әртүрлі мамандықта оқитын студенттер мен оқымайтын жастардан сұхбат алынды. Сұхбат материалдары сұхбат берушінің аты-жөні көрсетілмей зерттеу мәтіндерінде жариялануы, пайдаланылуы мүмкін екені ескертіліп, алдын ала келісім алынды. Бұл аудио-бейне таспалар да жазба мәтінге айналдырылды.

Келесіде аудио-бейнетаспаға жазылған сөздердің барлығының транскрибациясы және кейбірінің транскрипциясы жасалды. Транскрибация дыбысталған сөзді еш өзгертпей, кідіріс, хезитациялық кідіріс, тіпті түсініксіз айтылған сөздерді де көрсете отырып, жазба мәтінге айналдыру. Қазіргі уақытта 14-қаріп, 1 интервалмен терілген 167 бет транскрибацияланған қолжазба бар.

Сұхбат кезінде, сұхбаттың транскрибациясы мен транскрипциясын жасау кезінде бақылау әдісі, енжар, астыртын бақылау (пассив) әдісі қолданыла отырып, фонетика, лексика, синтаксистік деңгейлерге талдау жасалып отырды.

Ата буын өкілдері мен жас буын өкілдерінің сөзі фонетика-просодикалық деңгей, морфологиялық-синтаксистік деңгей және сөзсаптамдық деңгей тұрғысынан 4 түрлі зерттеу пәні ретінде алып қарастырылды.

Сипаттама әдісі, синхронды анализ жасау әдісі зерттеудің барлық деңгейінде жүріп отырды. Контекстік талдау мен компонентті талдау дәстүрлі және қазіргі қазақ сөзінің сөйлеу жүйесі мен лексика-фразеологиялық деңгейін талдауда кеңінен қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамасы қандай еді, жоғарыдағыдай тілдік жағдаяттың кесірінен қазір қандай күйге түсті деген үлкен сауалға тілдің дыбыстық, морфо-синтаксистік деңгейлеріне салыстырмалы талдау жасау арқылы жауап іздеуге тырысамыз. Ол үшін Ақтөбе облысы Шалқар ауданы, Қызылорда облысы Арал ауданы, Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданында тұратын 70–85 жас аралығындағы, орыс тілінде сөйлей алмайтын қариялармен жүргізілген және 2000 жылдан бермен қарай туған 17–22 жас аралығындағы әртүрлі мамандықта оқитын студенттер мен оқымайтын жастардан алынған сұхбат материалдары әртүрлі көлемде пайдаланылды.

Алдымен фонетикалық деңгейге қысқаша тоқталып өтеміз. Қысқаша тоқталатын себебіміз – фонетикалық талдау жасауда транскрипция, фонетикалық таңбалар, символдар қажет болады да, оны мақала көлемі көтермейді. Ал сөздің дыбыстық жағы, просодиясы мен орфоэпиясы ойды жарыққа шығаруда өте маңызды коммуникативтік қызмет атқарады. Сөздің фонетикалық жағы, ғасырлар бойы қалыптасқан орфоэпиялық нормасы бұзылса, бүкіл сөздің коммуникативтік сапасы нашарлайды.

Ал қазақ тілінің басты фонетикалық заңдылығы – үндесім заңы (сингармонизм) (Уәли, 2005, б. 56). Бұл заңдылыққа сәйкес, сөз түбірі мен оған қосылған жұрнақ, жалғанған жалғау, не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып үндеседі (*бала+лар, бөле-лер, қора+лар, төбе+лер*). Тіл үндесімі деп аталатын бұл заңдылық, қазақ тілінің негізгі заңы, тілдің ауызша және жазба формаларына ортақ. Сингармонизм заңының екінші түрі – ерін үндесімі, бұл – бірінші буындағы <о, ө, ұ, ү> ерін дауыстылардың әсерінен екінші-үшінші буындағы <ы, і, е> езуліктердің еріндікке айналып, ұқсап, жуықтап айтылуы. Ерін үндесімі қазақ тілінде тек ауызша тілге тән (жұлдызды – [julduzdu], күнге – [küngö]) (Күдерина, 2014, б. 124–132).

Бұдан басқа дауыстылар орфоэпиясына қатысты ықшамдалу құбылысы, яғни дауысты дыбыстың түсіріліп, сусып, көмескі айтылуы және қосылып, селбеспелі айтылуы қазақ орфоэпиясындағы дәстүрлі нормалар. Сондай-ақ тіркес жігінде дауыссыздар үйлесімі, әсіресе ұяңдану бағытындағы үйлесімі қазақ тілінің дәстүрлі нормасы болып табылады. Әсіресе <к, қ, п> қатаң дауыссыздары дауыстылармен не үнді, ұяң дыбыстармен қатар келгенде, ұяңдап, [ғ, г, б] дыбыс варианттарына айналады. Сол сияқты б дыбысы да екі дауыстының, үнді мен дауыстының арасында келгенде, босаң, екі еріннің сәл жуысуы арқылы айтылады, бірақ б әрпі жазылады. Бұл – орыс тіліндегі ерін-тіс жуысуы арқылы жасалатын в фонемасы емес, түрік тіліндегі ерін-ерін жуысуы арқылы жасалатын жұмсақ б вариациясы. Мысалы: *ебедейсіз – еведейсіз, сабақ – савақ, қабаған – қаваған, абай бол – авай^вол, әбігер болу – әвігер вол^у, тәрбие – тәрви^е, табақ – таваяқ, жаз бойы – жаз^вой^у* (Kuderina, 2016, б. 96).

Ш, с дыбыстарының алдынан келген **п** фонемасы да «жұмсарып», екі еріннің жуысуы арқылы **п** мен **ф**-ның аралығында айтылады: *тепсе – тefce, қапса – қаfca, көпшік – көfшүк, тапсыр – таfсыр, тәпсір – тәfсір, топса – тоfca*.

Ш, с дыбыстарының алдында **к, қ** дыбыстары жұмсарып, өзінің негізгі, яғни *қор, қала, тапқыр, көк, тек* деген сияқты сөздерді айтқандағы реңкінен айнып, жуысыңқы айтылады. Мысалы: *ақша – ахша, ақ шаңқан – ахшаңқан, ақ шағала – ах^шағала, бақшаң-бақшаң ету – бахшаң-бахшаң^ету, көк шәлі – көкхишәлі, көксеу – көкхсөу* (Күдерина, 2005, б. 35).

П фонемасы өзінен кейін айтылған дауысты не үнділердің әсерінен босаң **б** вариациясына айналады: *дөп-дөңгелек – дөб-дөңгөлөк, көпбұрыш – көббұрүш*. Бұл нормалар қазақ тілінің ауызша сөйлеу жүйесіндегі негізгі әрі басты заңдылықтар (Күдерина, 2005, б. 41).

Қазақ тілі ХХ ғасыр басына дейін ауызша дамып, жетілгеніне байланысты жазу мен оқуға қарағанда, тыңдау мен айтуға бағытталған тіл болғандықтан сөздің айтылу нормасы, сөз просодиясы өте маңызға ие. Егер орфоэпиялық заңдылықтар сақталмаса, бұзыла бастаса, сөздің коммуникативтік әлеуеті бұзылып, айтылар ой тыңдаушысына жетпейді, сөздің мазмұны ашылмайды.

Іссапарға барған аудандардағы қариялардың сөйлеу тілінен біз жоғарыдағы орфоэпиялық нормалардың жарқын үлгісін көрдік. Күнделікті

радио-телехабарлардан, теле жұлдыздар мен әртістерден, әншілерден, дәріс, семинарлардан, интернеттегі сөздерден ести алмайтын, тіпті ұмыта бастаған қазақ ұлтының дәстүрлі дыбыстық сөйлеу нормасын тауып, қауыштық. Сұхбаттар құлаққа өте жағымды, көңілге қонымды шығып отырды. Өйткені бұл сұхбаттарда қазақ тілі ауызша жүйесінің үлкен құрсауы – үндесім заңы – тілдегі дауысты дыбыстардың билігімен сөздің бүтіндей үндесіп, не жуан, не жіңішке немесе жуан еріндік реңкпен, не жіңішке еріндік реңкпен бір әуенмен айтылуы, дауыссыздардың ассимиляциясы айнытпай көрінді.

Алайда қазіргі 70 жылдардан бермен қарай туған қазақтілділердің ауызша тілінде көбіне жазба тіл нормасы сақталады. Сөз қалай жазылса, солай айтылады. Ал 2000 жылдан бермен қарай туған ұрпақтың сөйлеу тілінде тіпті қазақ тілінің нормасына жат жаңа құбылыстар пайда болып жатыр.

Мысалы, сұхбат алған жастардың тілінде ашық дауыстыларды қысаң етіп айту жаппай етек алғаны байқалды: *ниге (неге), себебі (себебі), сүйлегсі (сөйлегісі), узекті (өзекті), уте (өте), урушиша (орысша), уз кизегінде (өз кезегінде), ұлт жанашыры (ұлт жанашыры), уткендей (өткендей)* деген ашық буынның қысаң айтылуы, қысаң буынның тым қысаң айтылуы әсіресе қыз балалардың тілінде жиі кездесті. Бұл – орыс тілінің әсері дейін десек, бірыңғай қазақы ортада өскен, күнделікті сөйлеу тілі қазақ тілі деп көрсеткен, қазақ мектебін бітірген жастардың тіліне орыс тілінің әсері бола қоймауы мүмкін. Бірақ, дегенмен де, орыс тілінің жаңғырық әсері болуы кәдік.

Студент жастардың тіліндегі теріс үдерістердің бірі <ң> фонемасын [н] дыбысы етіп айту жиі, мысалы, *сөздің (сөздің), жана (жаңа), жаназы (жаңазы)*.

Шылаулардың айтылуы морфологиялық ерекшелік болса, оны фонетикалық ерекшелікке қостық, себебі олардың алдыңғы, өзі шыланған сөзбен үндеспей тұруы барлық сөйлеушілердің тіліне тән болды: *білеміз да, көреміз да*.

Сонымен, екі ұрпақтың тіліндегі фонетикалық құбылыстар арнайы талдау жасамай-ақ көрініп тұрған үлкен айырмашылықтардан тұрады.

Енді тілдің баяу өзгеріске түсетін деңгейі – морфологиялық деңгейдің екі ұрпақ тіліндегі айырмашылықтарына талдау жасалық.

Қазақ тілінің қазіргі және дәстүрлі сөзсаптамындағы ерекшеліктер құрылымдық грамматикада, сөз таптарының морфологиялық категорияларынан да байқалады. Әсіресе *зат есім, сын есім және етістіктің* морфологиялық категорияларынан анық көрінеді. Бұлардың қатарында *ілік септігінің (-ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің)* орны ерекше. Ілік септігінің шығу төркіні тым арыда жатыр. Осы ілік септігі дәстүрлі сөзсаптамда матаса байланысқан тіркес құрамында жасырын формада немесе қысқарған формада жиі қолданылып, атаулы тіркеске жиі айналады. Мысалы, *қанттың қызылшасы – қант қызылшасы*. Бұл аналитикалық тәсіл – қазақ тілінің сөздік қорын байытатын сөзжасамдық тәсілдердің бірі. Қазіргі жастар ілік септігінің морфологиялық және синтаксистік қызметін дұрыс білмеуден атаулы тіркестерді (немесе күрделі сөз) матаса байланысқан сөз тіркестеріне айналдырып қолдану фактілері белең алып барады. Мысалы, қазіргі сөзсаптам ерекшелігін танытатын тілдік респонденттер тілінде мынадай қолданыстар кездесті:

«Бала бақшаның қызметкерлері» (1) / «Бала бақша қызметкерлері» (2);

«Өзімнің әкем Шымкенттің тумасы» (1) / «Өз әкем Шымкент тумасы» (2);

«Физика-математика пәнінің мұғалімі» (1) / «Физика-математика пәні мұғалімі» (2).

Бұл үш тілдік респондент те ілік септігін анықтауыштық қатынаста қолданған. Ал дәстүрлі дәл осы құрылымда ілік септігі жасырын формада келіп, атауыштық формада беріледі.

Екінші, *-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер* көптік жалғауын сөзжасамдық қызметте жұмсалып үдерісі байқалады. Мысалы, «біздікілер», «біздер» сөзі қазіргі ауызекі тілде кең қолданысқа ие. «Біздікілер» сөзі «екі не одан да көп адамға меншікті қатынастағы адамдар тобы» мағынасында жұмсалады. Әдетте көптік жалғауы заттардың немесе адамның екі не одан да көп екенін білдіреді. Қазақ тілінің морфологиялық жүйесі бойынша көптік жалғауы жалғанған сөздің анайы және сыпайы көпше түрлері болуы керек және түбірге септік, тәуелдік, жіктік жалғауларынан бұрын жалғанады. «Біздікілер» қолданысын осы жүйе бойынша түрлендіргенде, оның бірінші және екінші жақтағы анайы формасы – *менікілер, сенікілер*, сыпайы формасы – *сіздікілер*, үшінші жақта – *олардікілер* болуы керек. Алайда *менікілер, сенікілер, сіздікілер, олардікілер* қазіргі қолданыста жоқ. Жалғыз «біздікілер» қолданысының белең алу үдерісіне қарағанда, жоғарыда аталған формалардың болашақта белсенді қолданысқа ие болуы мүмкін. «Біздер» қолданысы да сол сияқты. Қазақ тілінде «біз» сөзінің өзі бірінші жақтағы сыпайы көпше форма. Оған тағы «-лар» көптік жалғауының жалғануы осындай үдерістің әсері болса керек. «*-нікі, -дікі, -мікі*» тәуелдік формадан кейін көптік жалғауының жалғануын қазіргі қазақ тілінің морфологиялық жүйесіндегі жаңа үрдістер ретінде қарастыруға болады. Яғни ортақ тәуелдеулі есімдіктерді («бірнеше адамға тиесілі зат» мағынасын) зат есімнің көпше түріне («біздің адамдар» мағынасында) айналдырып тұр.

Үшінші, қазақ тілінің дәстүрлі морфологиялық жүйесінде *-мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін, -мыз/-міз, -быз/-біз, -ңыз/-піз* бірінші жақ жіктік жалғауы субъектіге қатысты (адамға қатысты) сөздерге жалғанады. Мысалы, *(мен) жұмысшымын, (біз) зерттеушіміз, (мен) барғанмын, (біз) барыппыз, (мен) қазақпын, (біз) орыспыз* т.б. Қазіргі қазақ тілінде керекпін, керекпіз, керексің, керексіз қолданыстары нормаға айналып барады. Мысалы, «*Мен қалаға баруым керек*» деген сөйлем «*Мен қалаға бару керекпін*» деп қолданылу үдерісі бар. Сол сияқты, *(біз) оқу керекпіз, (сіз) айту керексіз, (сен) отыру керексің* т.б. Бұлар қазақ тілінің дәстүрлі морфологиялық жүйесі бойынша *(біз) оқуымыз керек, (сіз) айтуыңыз керек, (сен) отыруың керек* түрінде қолданылады. Яғни «керек» сөзіне жіктік жалғауы жалғанбайды, ол адамға қатысты зат есім сөздері мен адам іс-әрекетіне байланысты есімше немесе тұйық етістік сөздерге жалғанады.

Төртінші, ырықсыз етістің *-ыл/-іл* формасы жазбаша және ауызша тілде өте белсенді қолданыла бастады. Бұл үрдіс әсіресе терминдер мен ғылыми және ресми стильде кең өріс алуда. Мысалы, *өткізілді, жіберілді, айтылды, берілді, туылды* т.б. Аталған сөздер қазақ тілінің дәстүрлі сөзқолданысында *өткізді, жіберді, айтты, берді, туды* болып келеді. Дәстүрлі қазақ тілі ауызша тілді өзек ететіндіктен, сөйлеу үдерісі көбіне сөйлеушінің өз ырықна тиесілі болып, өзі көрген немесе істеген іс туралы айта келіп, белгісіздік мағына аздау болады. Жазба тіл дамып, коммуникация күшейген тұста сөйленетін сөздің де, істелетін істің айтушыға тікелей қатысты болмаған түрлері көбейіп, белгісіз жақтардың саны артып, ырықсыз етістік рөлі күшейді. Соған сәйкес морфологиялық формалардың қызметінде белсенді өзгеріс пайда болды.

Бесінші, қазақ тілінің дәстүрлі морфологиялық жүйесінде көсемшенің *а, е, й* жұрнағынан кейін жалғанатын үшінші жақтағы ауыспалы келер шақ *-ды/-ды*

формасы *ма? ме? ба? бе? па? пе?* сұраулық шылаулар келгенде түсіріледі. Мысалы, *бара ма* («барады ма?» емес), *жаза ма?* («жазады ма?» емес), *оқи ма?* («оқиды ма?» емес) т.б. Қазіргі тілдік қолданыста аталған *-ды/-ды* формасының түсірілмей айтылу үдерісі орнығып барады. Негізінде қазақ тілінің морфологиялық түрлену жүйесі бойынша жіктік формадағы етістіктің 1-жағы – *айтамын*, 2-жағы – *айтасың*, 3-жағы – *айтады*. Осы жүйе бойынша сұраулық шылаумен тіркескенде үш жақта да *айтамын ба, айтасың ба, айтады ма* болып, 3-жақтағы *-ды/-ді* формасы түсірілмей жазылуы керек. Алайда ежелден келе жатқан түркі тілдерінің ортақ заңы бойынша осы үшінші жақтағы *-ды/-ді* формасы түсіріліп айтылу қалыптасқан.

Қазіргі сөзсаптамда біршама жаңа қолданыстар, тіркестер, синтаксистік құрылымдар пайда болды. Бұлардың біразы уәжді, біразы уәжсіз қате қолданыс салдарынан қалыптасып келе жатқан құрылымдар. Мысалы: Бірінші, жіктік жалғаулы «бол» көмекші етістігінің сөйлемнің соңында күрделі баяндауыш ретінде келуі өріс алуда. Мысалы:

«Болашақ педагог боламын» (1) / *«Болашақ педагогын»* (2);

«Сіз қайдан боласыз?» (1) / *«Сіз қай жерденсіз?»* (2);

«Есімім Дания болады» (1) / *«Есімім Дания»* (2).

Бұл сөйлемдерде зат есім, етістік баяндауыштарға (педагог, Дания, қуанба) жалғанатын үш жақтағы *-мын, -сыз, -ды* жіктік жалғаулары «бол» етістігіне көсемшенің «а» жұрнағынан кейін жалғанып, сөйлемдегі жасанды, артық құрылымға айналған.

Екінші, кейде *-атын, -етін, -итін* құранды жұрнағы жалғанған «бол» етістігі үш жақта жіктеліп келіп, өзімен іргелес, алдында тұрған есімше тұлғалы сөзбен жасанды синтаксистік байланыста айтылу құбылысы өрістеді. Мысалы:

«Қуанбаған болатынмын» (1) / *«Қуанбадым»* (2);

«Екі мектепті бітірген болатынмын» (1) / *«Екі мектепті бітірдім»* (2);

«Универді үздік бітірген болатынмын» (1) / *«Универді үздік бітірдім»* (2).

«-ған+болатынмын» синтаксистік құрылымы қазақ тілінде бар, бірақ өте сирек контекстерде қолданылады және оның арнайы стильдік қызметі бар. Қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамында аталған синтаксистік формат экспрессиялық-эмоциялық реңкі жоқ мұндай хабарлы сөйлемдерде қолданылмайды.

Үшінші, қазақ тілінде грамматикалық мағынасы мен морфологиялық қызметі жақын кейбір жалғау-жұрнақтардың орнын ауыстырып қолдану үрдіске айналуда. Мысалы:

«Осы компанияда 3–4 жылдай жұмыс істеп жатырмын» (1) / *«Осы компанияда 3–4 жылдан бері жұмыс істеймін»* (2);

«Қазақша сөйлеген қиынырақ» (1) / *«Қазақша сөйлеу қиынырақ»* (2); *«10:00–11:00-ге дейін менде сабақ»* (1) / *«Мен 10:00–11:00-ге дейін сабақтамын»* (2).

Бұл қолданыстарда айтылмақ ой толық берілген, морфологиялық түрленімі, синтаксистік байланысы дұрыс. Бірақ қазақ тілінің дәстүрлі грамматикалық жүйесіне, тілдік білімі жоғары деңгейде дамыған тіл тұтынушыларын ың сөзсаптам дағдысына сәйкес келмейді. Қазақ тілін төменгі деңгейде меңгерген тіл иелерінің сөйлеу машығына сәйкес келеді. Осындай деңгейдегі бұл тілдік құрылымдар қазіргі тілде кеңінен қолданыс тауып, нормаға айналуға беттеді.

Қазіргі және дәстүрлі сөзсаптамдағы айырмашылықтар қазақ тілінің синтаксистік жүйесінен де көрініс табады. Қазақтың дәстүрлі сөзсаптам ауызша тілдің грамматикалық құрылымын негіз етеді. Ал ауызша тіл құрылымы интонацияға тәуелді де, өлең тілінің элементтерімен араласып, соған бейім келеді.

Сондықтан қазақтың жазба тілі мен ауызша тілінің грамматикалық (синтаксистік) құрылысында өзіндік ерекшеліктер бар. Мұндай өзгешелік кеш дамыған жазба тіл мен орыс тілі әсерінде қалыптасқан қазақтың қазіргі заманғы ауызша тілінен тіптен айқын көрінеді. Қазақтың дәстүрлі сөзтаптамында шұбалаңқы немесе құрмалас сөйлемдер аз кездеседі. Бұл туралы қазақ тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ тілінде (сөйлемдердің) толық түрінен де ықшам түрі көбірек жүреді», – дейді (Байтұрсынұлы, 1927, б. 58). Демек жай сөйлемдердің құрмалас сөйлемдерден көп болуы – қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамына тиесілі басты ерекшеліктердің бірі.

Қазақ тілінің қазіргі және дәстүрлі сөзсаптамындағы басты ерекшеліктерді төмендегідей бірнеше түрге жинақтауға болады:

Бірінші, қазақтың дәстүрлі ауызша тілінде көркем әңгімелеу стилі басым болып, онда дайын синтаксистік құрылымдар да, тың ізденістер де аралас жұмсалады. Ал қазіргі ауызша тілде ақпарат алмасу негізгі мақсат ретінде көзделетіндіктен, тілдің эстетикалық өлшемі назардан тыс қалып, соған сәйкес жүйесіз тілдік қолданыстардың саны артып, «жүйесіз синтаксистік жүйе» қалыптасты. Мысалы:

Сексеуіл деген поселканың іргесінде Тербенбес деген тау тұр әйдік, үлкен жал тау (2);

Көп әскер емес, «осы қалай, осы қалай» деген он бес-жиырма адамымен алдынан шығады (2);

Маған негізі Британияның несі ұнайды, ақценттері, күшті естіледі (1).

Бірінші сөйлемдегі поселканың іргесі, жал тау тіркестері – айтылатын ойға образды ұғым беретін, дәстүрлі ауызша тілге тән қолданыстар. Сондай-ақ сөйлемдегі «тау тұр» деген қолданыс қазіргі тілдегі «тау бар» деген тіркесті орнына қолданылатын, бейнелі, заттың қалпын дәл сипаттайтын тіркес. Екінші сөйлемдегі «осы қалай, осы қалай» деген қолданыс та – шебер сөзсаптаушының өзіндік ізденісін көрсететін, тандаулы жасақты іріктеу процесін дәл бейнелейтін образды қолданыс. Үшінші сөйлем қазіргі сөзсаптамаға тиесілі сөз болып, ешқандай образды қолданыс жоқ және артық құрылымдар, қыстырма сөздер («несі» деген) қолданылып, жүйесіз сабақтас құрмалас сөйлемдерден құралады.

Екінші, қазақтың қазіргі ауызша тілінде дәстүрлі ауызша тілдің тұрақты синтаксистік құрылымдарын ауыстыратын жаңа қолданыстар көбейді. Мысалы, (2) тілдік респонденттің: «*Бұл туралы жазайын деген ойым жоқ еді, жездемнің сөзі қамшы болып кетті*», – деген сөйлеміндегі сөзі қамшы болу тұрақты құрылымының орнына қазіргі тілде *шабыт берді, ой салды* сияқты тұрақты құрылымдар жиі қолданылады. Қамшы болу тіркесі сөзсаптамының мәдениетпен ұштасқан дәстүрлі, байырғы формасы болғандықтан, ауызша тілдің синтаксистік құрылымы да белгілі дәуірдің материалдық-рухани құндылықтарына тәуелді болатынын анық дәлелдейді. Бұл қазақ тіліндегі дәстүрлі өлшем бірліктердің орнын әлемдік метрологиялық өлшем бірліктердің ауыстырғанынан да айқын көрінеді (Maralbek, 2018, б. 57).

Үшінші, қазақтың дәстүрлі сөзсаптамында сөзді жүйелі өрбітудің көнеден келе жатқан логикалық тәсілдерінің бірі – санамалау. Яғни әңгімеге қажетті тақырыптық, мазмұндық дәйектерді, кілт сөздерді айтушы әуелі санамалап өтеді де, әңгіме барысында мазмұнды сол тірек сөздермен тоғыстырып отырады. Қазіргі сөзсаптамада жалпы ой жүйелі өрбімейді, ойдың берілуі күрделі синтаксистік тұтастықта болмай, әр сөйлем өз алдына айтылып, логикалық жақтан ғана тұтастық құрайды.

Төртінші, дәстүрлі сөзсаптамда қазақ тілінің фольклорлық кезеңіне тән ертегі мәтіндерінің тұрақты синтаксистік құрылымдары көптеп кездеседі. Мысалы, «Термембес деген таудың ары жағында, құм жағында бір бай өмір сүріпті» (2), – деген сөйлемдегі «бір бай өмір сүріпті» құрылымы – қазақ ертегі мәтіндерінде ежелден бар, ауыздан-ауызға көшіп, жалғасын тауып отырған құрылым. Мұнда «сүріпті» сөзіндегі «-іпті» шақ формасы сөйлемдегі өзге сөздермен лексика-грамматикалық мағына тұтастығын құрып, оқиғаның бұрынғы (ежелгі) өткен шаққа қатысын сипаттайтын дағдылы синтаксистік құрылымға айналған. Ал қазіргі сөзсаптамда «-ыпты/іпті» формасы қолданыста болғанымен, онымен бір сөйлем ішінде лексика-грамматикалық байланысқа түсетін сөздердің шоғыры басқа болғандықтан, сөйлемде көбіне жедел өткен шақ мағынасын ғана береді.

Бесінші, қазақтың дәстүрлі ауызша тілінде ауыспалы мағыналы синтаксистік бірліктер (құрылымдар) немесе сұраулық құрылымдағы хабарлы сөйлемдер жиі кездеседі. Мысалы, «Шөмекейлер қарап жата ма?!» (2), – деген сөйлем сұраулық құрылымда болғанымен, айтылу интонациясы лепті сөйлемге жақын және ауыспалы мағына (қарап жатпайды) білдіреді. Айтатын ойын ауыспалы мағына беретін синтаксистік жүйемен құрылымдау – сөзсаптаушының тілдік тәжірибесінің молдығын білдіретін басты өлшем. Қазіргі сөзсаптамда сөздердің тіркес, синтаксистік құрылым ішіндегі мағына тудыру потенциалын толық пайдалану шеберлігі жетіспейді. Сондықтан көбіне тура мағыналы синтаксистік құрылымдардан тұрады. *Аңғарту, бүкпелеу, астарлау* сияқты тілдік тактикалар және оған сәйкес синтаксистік құрылымдар қазіргі тілде сирек кездеседі.

Алтыншы, қазақтың дәстүрлі сөзсаптамында сөздің тыңдаушыға әсері, тілдің адам эмоциясымен қарым-қатынасы, этика, эстетикалық өлшемі басты назарда ұсталады. Сондықтан соған сәйкес сөздер мен грамматикалық амалдар таңдалады. Мысалы, «Ізі сіздің үйге келіп тұр (барымталанған бір үйір жылқының ізі)» (2) сөйлемі – дәстүрлі сөйлеу этикасына сай, «сен ұрладың» деген ұғымды жеңіл, сыпайы түрде жеткізетін перифраздық сипаттағы сөйлем. Дәстүрлі сөзсаптамда сөз болып тұрған зат, құбылыс жайлы тікелей мазмұндалмайды, мінезделмейді, оның қасиетін, ерекшелігін сипаттау арқылы тыңдарманың өзі түсінуіне, аңғаруына бағыттайды. Мысалы, *Менің жылқышым атқа шаққа мінетін адам* (2), – деген сөйлемде жылқышысының физикалық мүмкіндігін сипаттау арқылы қуғыншылардың күдігін терістеп, өзінің ақ екенін аңғартып отыр. Дәстүрлі қазақ қоғамында көп мәселе сөз құдіреті арқылы шешілетіндіктен, яғни түйткілді мәселенің шешімі қалай айтуға байланысты болғандықтан, сөйлеушінің сөз қолданысы мен сөз жүйесінде дипломатиялық сарын болады. Сондықтан анайы сипаттағы сөз қолданыстар аз болады. Кез келген агрессиялы оқиға барынша сыпайы түрде айтылады. Аса күрделі дау-шар үстінде де тараптар ұрыс-керіс, қорқыту сипатында емес, сөзбен жеңу, ұялту, адамгершілік сезімін ояту сарынында тілдеседі. Бұл біз зерттеу нысаны еткен дәстүрлі сөзсаптам өкілдерінің тіліндегі *Байеке, жылқышыңыз, антыңызды аламыз* т.б. сыпайы формадағы сөздер мен қаратпа сөздерден анық аңғарылады. Ал қазіргі сөзсаптамда тілдің этикалық, эстетикалық құдіреті назардан тыс қалып, факті келтіру, сөзден жаңылдыру, сөйлетпеу, мысын басу, даттау сарынды болып, соған сәйкес синтаксистік құрылымдар қолданылады.

Қазақтың дәстүрлі сөзсаптамда сөзсаптаушы диалог жиі пайдаланады. Әңгіменің әсерін күшейту үшін кейіпкерлердің өзі сөйлеп тұрғандай, диалогпен береді. Бұл – айтылған сөздің шынайылығына әсер ететін негізгі тәсілдердің бірі.

Қорытынды

Талдау барысында мынадай қорытындыларға келдік. Қазақ тілі сөзсаптамасындағы өзгерістер еліміздегі қазақ тіліне баламалы тіл – орыс тілінің ұғымдары мен грамматикалық құрылымын қазақ тіліне көшіріп қолданудан және қазақ тілін төмен деңгейде білушілердің саны көп болуына байланысты олардың нормаланып кетуінен қалыптасты.

Қазақ тілі сөзсаптамасының өзгерісі, тілдің грамматикалық жүйесі тікелей мәдениетке, қоғамдағы материалдық-рухани құндылықтарға тәуелді болады. Жаңа сөз, жаңа ұғым, жаңа түсінік тілден жаңа құрылымдар талап етеді. Тілдің дамуы немесе дәстүрлі нормадан өзгеру құбылысы сол тілді өз деңгейінде білмейтін адамдар тобының көп болуы себебінен де туындайды. Қоғамда, әлемдік кеңістікте ауызша тілден жазба тілдің рөлінің артуы – ауызша сөзсаптаманың бұзылуына немесе әлсіреуіне себеп болатын негізгі факторлардың бірі.

Тіл білімінде тілдің грамматикалық жүйесі ең баяу өзгертін тіл деңгейі саналады. Ондаған ғасырмен өлшенеді. Қазақ тілінің грамматикалық жүйесінде соңғы жүз жыл ішінде пайда болған өзгерістер қазақ ұлтының ойлау жүйесіндегі аса күрделі трансформацияның болғанын дәлелдейді.

Тұрақты оралымдармен сөйлеу, мағынаны астарлап беру, сөздерді төгіліп тұратын өлең сияқты ұйқаспен тізу, аз сөзге көп мағына телу – қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамасына тән нормалар. Бұл ерекшеліктер ата буынның тілінде көп кездесті. Жастар тілі керісінше қасаң, жұтаң, өзге тілден енген сөздер араласқан, сезімнен гөрі нақтылыққа бағытталған (ал қазақ қоғамында сөзден ләззат алу, рахаттану, әңгіме тыңдау мәдениеті болған). Бетпе бет сөйлесуден гөрі онлайн сөйлесу жиірек орын алатын қоғамда бұлай сөйлеу қалыпты әрі ыңғайлы болып қалды. Бүгінгі жастар қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамасын танымайды және іздемейді.

Алғыс. Бұл мақала ҚР ҒЖБМ ҒК Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының 2024-2025 жылға арналған «Жаңа Қазақстан контекстіндегі тілдік сананы жаңғыртудың лингвистикалық құралдары мен әзірлемелері» (ЖТН BR21882227) атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жарияланды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал». Сөйлем жүйесі мен түрлері. Қызылорда: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1927. 72 б.
- Ильминский Н.И. Н.И. Ильминскийдің 1870 жылы князь Ухтомскийге жолдаған хатынан // На память о Николае Ивановиче Ильминском. Казань: Изд. Братства святителя Гурия, 1892. С. 149.
- Ильминский Н. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань: Унив. тип., 1861. 199 с.
- Күдеринова Қ. Жеке сөздердің орфоэпиясы // «Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. Алматы: Арыс, 2005. Б. 35–40.
- Күдеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. Алматы: Елтаным, 2014. 364 б.
- Мелиоранский М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Ч.1. Фонетика и морфология. Москва: Книга по Требованию, 2011. 87 с.
- Радлов В.В. Сібір жазбалары. V тарау. Түрік көшпенділері: қазақтар // Еуропа ғылымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері. Алматы, 1992. 49 б.

- Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филология ғылымдарының докторы диссертациясы. Алматы, 2007. 326 б.
- Уәлиұлы Н. Орыс тілінің тұрманы түгел // Ана тілі. № 9. 28 ақпан, 2008.
- Уәли Н., Күдерінова Қ., Фазылжанова А. Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. Алматы: Арыс, 2005. 200 б.
- Янушкевич А. Дневник и письма из путешествия по казахским степям // Еуропа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері. Алматы, 1992. Б. 21–26.
- Földes, C. Zur Begrifflichkeit von «Sprachenkontakt» und «Sprachenmischung» // Lasatowicz M. K., Joachimsthaler J. (Hrsg.): Assimilation – Abgrenzung – Austausch. Interkulturalität in Sprache und Literatur. Frankfurt a.M., Berlin, Bern, Bruxelles, New York, Wien: Lang, 1999. Oppelner Beiträge zur Germanistik, Bd. 1. S. 3–35. URL: <https://d-nb.info/1205282742/34> (дата обращения: 06.01.2025).
- Kuderinova, K. (2016). Çağdaş kazak dilinde telaffuz sorunlar. In: *Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi*. Bahar, 113–129.
- Maralbek, E., & Koçak, M. (2018). Kaşgarlı Mahmut'un Divanu lügati't-türk adli eserinde yer alan ölçü birimleri (M. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі өлшем бірліктер). In: *Türk kültürü ve Hacı Bektaş Veli araştırma Dergisi*. Түркия, 1KİŞ /SAYI 88, 187–199.
- Massaget.kz. URL: <https://massaget.kz/> (дата обращения: 12.08.2024).

References

- Baitursynuly, A. (1927). «Til qural». *Soilem zhuyesi men turleri* [«Language-tool». Sentence system and types]. Qyzylorda: Qazaq memleketik baspasy. (in Kaz.).
- Földes, C. (1999). Zur Begrifflichkeit von «Sprachenkontakt» und «Sprachenmischung». In: Lasatowicz, Maria Katarzyna/Joachimsthaler, Jürgen (Hrsg.). *Assimilation – Abgrenzung – Austausch. Interkulturalität in Sprache und Literatur*. Frankfurt a.M., Berlin, Bern, Bruxelles, New York, Wien: Lang. Oppelner Beiträge zur Germanistik, bd. 1, 3–35. Retrieved 20 September 2024 from <https://d-nb.info/1205282742/34>
- Il'minskiy, N.I. (1892). N.I. Il'minskiydin 1870 zhyly knyaz' Ukhtomskiyge zholdagan khatynan. [From N.I. Il'minsky's letter to Prince Ukhtomsky in 1870]. In: *Na pamyat' o Nikolae Ivanoviche Il'minskom*. Kazan', 199. (in Russ.).
- Il'minskiy, N. (1860). *Materialy k izucheniyu kirgizskogo narechiya* [Materials for studying the Kyrgyz dialect]. Kazan'. (in Russ.).
- Kuderinova, Q. (2005). Dybystar orfoepiyasy [The orthography of sounds]. In: *Qazaq tilining orfoepiyalyq anyqtagyshy*. Almaty, 35–40. (in Kaz.).
- Kuderinova, Q. (2014). *Qazaq zhazuynyng teoriyalyq negizderi* [Theoretical foundations of Kazakh writing]. Almaty: Eltany. (in Kaz.).
- Kuderinova, K. (2016). Çağdaş kazak dilinde telaffuz sorunlar. In: *Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi*. Bahar, 113–129. (in Kaz.).
- Maralbek, E. (2018). Koçak M. Kaşgarlı Mahmut'un Divanu lügati't-türk adli eserinde yer alan ölçü birimleri. In: *Türk kültürü ve Hacı Bektaş Veli araştırma Dergisi*. 1KİŞ/SAYI 88, 187–199. (in Kaz.).
- Massaget.kz. Retrieved 12 August 2024 from <https://massaget.kz/> (in Kaz.).
- Melioranskiy, M. (2011). *Kratkaya grammatika kazak-kirgizskogo yazyka* [Brief grammar of the Kazakh-Kyrgyz language]. Moskva. (in Russ.).

- Radlov, V.V. (1992). Sibir zhazbalary. V tarau. Turik koshpendileri: qazaqtar [Siberian notes. Chapter V. Turkish nomads: Kazakhs]. In: *Europa gylymdarynyng qazaq madenieti turaly oi-pikirleri*. Almaty, 49 (in Kaz.).
- Uali, N. *Qazaq soz madenietining teoriyalyq negizderi* [Theoretical foundations of Kazakh word culture]. Diss. dokt. filol. nauk. (in Kaz.).
- Uali, N., Kuderinova, Q., & Fazylzhanova, A. (2005). *Qazaq tilining orfoepiyalyq anyqtagyshy* [Orthographic guide of the Kazakh language]. Almaty: Arys. (in Kaz.).
- Ualiuly, N. (2008). Orys tilinin turmany tugel [The whole Russian language]. *Ana tili*, 9, 28 aqpan (in Kaz.).
- Yanushkevich, A. (1992). Dnevnik i pis'ma iz puteshestviya po kazahskim stepyam [Diary and letters from a journey through the Kazakh steppes]. In: *Europa galymdarynyng qazaq madenieti turaly oi-pikirleri*. Almaty, 21–26 (in Kaz.).

К.Б. Кудеринова, Е. Маралбек

*Институт Языкознания имени А. Байтурсынулы
Алматы, Казахстан*

СОВРЕМЕННОЕ И ТРАДИЦИОННОЕ КАЗАХСКОЕ РЕЧЕПРОИЗВОДСТВО: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

Аннотация. В статье рассматриваются особенности традиционной лексики казахского языка, их изменения на разных уровнях языка – фонетическом, орфографическом, морфологическом и синтаксическом. Для осуществления опроса об изменениях и особенностях употребления традиционной лексики казахского языка были организованы поездки в районы, к которым проживают преимущественно казахи: Шалкарский район Актюбинской области, Аральский район Кызылординской области, Зайсанский район Восточно-Казахстанской области. Была записана разговорная речь казахов старшего поколения, людей, глубоко владеющих устными рассказами среди народа и привыкших говорить в соответствии с традиционной казахской системой построения речи, которая были сравнена с речью молодых людей, рожденных с 2000 г. и речью людей, рожденных в 1970-х гг. В результате проведенного исследования мы пришли к выводу, что в устной речи казахов, родившихся в 1970-е годы, сохранились нормы письменного казахского языка, произношение также соответствует нормам произношения письменного казахского языка. Однако в речи поколения, родившегося после 2000 года, начали появляться новые явления, не соответствующие нормам казахского языка. Кроме того, было выявлено, что для языка молодежи нового поколения характерны резкость, сокращения слов и фраз, эмоциональность, также наблюдается снижение выразительности и художественности, и такие языковые явления были тщательно изучены и всесторонне проанализированы на основе языковых фактов.

Ключевые слова: казахский язык, нормы национального литературного языка, лексика, речь, морфология, синтаксис, традиционная речь.

К.В. Kuderinova, Е. Maralbek
A. Baitursynuly Institute of Linguistics
Almaty, Kazakhstan

MODERN AND TRADITIONAL KAZAKH SPEECH PRODUCTION: COMPARATIVE ANALYSIS

Abstract. The article examines the features of the traditional vocabulary use of the Kazakh language, their changes at different levels of the language – phonetic, orthographic, morphological and syntactic. In order to answer the questions about changes and peculiarities of the use of the traditional vocabulary of the Kazakh language, trips were organized to areas predominantly inhabited by the Kazakhs: Shalkar district of Aktobe region, Aral district of Kyzylorda region, and Zaisan district of East Kazakhstan region. The spontaneous speech of the older Kazakh people, fully familiar with the oral stories of the country and used to speaking by the traditional speech system, was recorded. This was compared to the speech of young people born since 2000 and the speech of people born since the 1970s. As a result, it was observed that the oral speech of the Kazakh born since the 1970s predominantly adhered to the norms of written language, words being pronounced as they are written. However, among the generation born after 2000, entirely new linguistic phenomena that deviate from the norms of the Kazakh language have begun to emerge. Furthermore, the language of the younger generation has become noticeably rigid, shifting to shorter words and phrases. In the concise and succinct speech of this generation, expressiveness, emotional resonance, and artistic richness are increasingly diminishing. These linguistic phenomena have been thoroughly examined, with the language data analyzed comprehensively.

Keywords: Kazakh language, norms of the national literary language, speech, morphology, syntax, traditional word.

Авторлық үлестер

Күдеринова Қ.В. – тұжырымдама, формалды талдау, деректерге жетекшілік ету, әдіснама, жазу – шолу және редакциялау.

Маралбек Е. – бағдарламалық қамтамасыз ету, рөлдер/жазу – бастапқы нобай, визуалдау.